

Көкшетау қаласы, Абай атындағы(қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған № 3 облыстық мамандандырылған мектеп – интернаты
«Мемлекеттік қызмет көрсету» бойынша қызметі туралы есеп

1. Жалпы ережелер

1) **Көрсетілген қызметті берушілер туралы мәліметтер:** «Көкшетау қаласы, Абай атындағы(қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған № 3 облыстық мамандандырылған мектеп – интернаты»КММ білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін құрылған мемлекеттік мекеме болып табылады. Заңды мекенжайы: Саина көшесі 20.

2) **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:**

Мектебімізде 4 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Жалпы 2023 жылы 75 қызмет көрсетілді..

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық негіздемесіне қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметі 66 рет.

2.«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметі 3 рет.

3.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» қызметі 5 рет көрсетілді.

4. «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру» қызметін көрсету кезеңінде қызмет пайда болмады.

Мектептің ресми сайтында <http://sc0026.kokshetau.aqmoedu.kz/> мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ережелерімен, сондай ақ көрсетілетін қызметті алушылар үшін қажетті ақпарат орнастырылған. Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы ресімделді, көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін байланыс телефондары бар баннерлер бар. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша стенд бар.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

Мектеп директорының бұйрығымен мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар бекітілді

Ай сайын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мониторинг жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілген қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

1. 2023 жылы мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдар түскен жоқ.

Мектепке қабылдау бойынша:

Мектепке қабылдау мемлекеттік қызмет бойынша , 2024-2025 оқу жылына 7 -сыныптарды қабылдау инстаграмм парақшасында мектеп директоры А.Н. Курмашева тікелей эфир жалпы жариялымы жасалынды

2024 жылы мектебіміз жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастырады.